

Ойыл

ҚАҢТАРДЫҢ АЯЗЫ МЕН ТАКСИДІҢ БАҒАСЫ АРҚАНЫ «ҚАРЫП» БАРАДЫ!

ҚАРА ТАНЫМАСА ДА КЕШЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ КЕЗ КЕЛГЕНІ СИНОПТИК БОЛАТЫН. АТАЛАРЫМЫЗ АУА РАЙЫН ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ҚАРАП-АҚ БОЛЖАЙТЫН. ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМДА АЙДЫҢ ТОСЫН ТАБИҒАТЫНА ҚАРАЙ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР ДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН. «ҚАҢТАРДА КҮН ҚАРҒА АДЫМ, АҚПАНДА АТАН АДЫМ ҰЗАРАДЫ», «ҚАҢТАРДА ҚАТҚАН МҰЗДАЙ», «ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАРАҒАН БУРАДАЙ», «ҚАҢТАРДЫҢ САҚЫЛДАҒАН САРЫ АЯЗЫ» ДЕГЕН ТІРКЕСТЕР ТЕК ОСЫ МЕЗГІЛДІҢ ТАБИҒАТЫНА ТӨН.



Қашаннан қыстың күші — қаңтар мен ақпанда. Бұл екі айдың алды — ақшұнақ аяз, соңы — ақбасқын боран. Алайда табиғаттың мінезін адам біліп болмайды. Олай болмайтын да жылдар бар. Мысалы, кейінгі жылдары біздің өңірде есте қаларлықтай қатты қыс болған жоқ еді. Биылғы қаңтардың жөні бөлек болып тұр. Сан құбылып басталған ай ортасында нағыз күшіне мінді. Бір апта соққан үсірік жел енді түірік жерге түспейтін сақылдаған сары аязға ұласты. Аяз бұғалы әлеуметтік желіде бір-бірімізге көшіріп «лақтырып» жүрген «Қыс шілдесі» деген осы

шығар? Халық есепшілері болса, Үркер мен Ай арасындағы бұрыш тіктөртбұрыш жасап орналасса, «Қыс Шілдесі» уақыты басталады деп есептеген. Бірақ оған қарауға бәріміздің бірдей «сауатымыз» жете бермейді. Біздің сауатымыз - «Бәрі сырғақ» деген әңгімені әрлі-берлі «сырғытудан» аспай тұр. Ертеде бабаларымыз осы күнгі сумен нәрестені қырқынан шығарып, жүкті әйелдері жуындырған нәрестелер қасқырдай батыр болар деп. Көшпенді халық болған соң, таңғы төрт бестерде бұлақтың таза суын ішкен қасқырдай жүректі болады деп. Бұл біздің ата ба-

баларымыздан қалған ырым-дәстүр. Бірақ, қыстың бұл кезеңін христиандардың діни мерекесімен байланыстырып «Крещенские морозы» деп атайтындар аз емес. Дегенмен қазақта мұндай аяздың өз атауы бар. Қазақ бұрыннан табиғатпен етене болған соң құбылыстарды да терең біліп, зерттеп отырған. Мәселен, бізде ең қатты аязды үш түрге бөлген. Ол — сарышұнақ аяз, ақшұнақ аяз және қызылшұнақ аяз. Тек әлі күнге дейін кейбір құбылыстарды орысшадан сіңген қалыпта атап келеміз. Малды да, жанды да қаңтарған айдың санаулы күн-

дері қалды. Әрине, «күннің жаманы кетеді». Дегенмен, «жаман күндерде» тұрмысы жадаулар «жаурап қалған» жоқ па? Өйткені, соңғы кездері ватсап топтарда шөп іздеушілердің қарасы көбейді. Бұл нені білдіреді? Қанша ескертілсе де, кейбіреулердің есебі шықпай қалып, қолындағы қарасына қажетін түгендей алмай отыр! Әрине, көп шаруа кәсіпкерлердің күшімен атқарылатындықтан бағасына байланысты «байламдар» да өртүрлі. Қаңтардың аязымен бірге таксидің бағасы да арқаны «қарып» барады!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АРДАГЕРЛЕР - ҚОҒАМНЫҢ АЛТЫН ҚОРЫ

АРДАГЕРЛЕР – ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ, ЕЛДІК ПЕН БІРЛІКТІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ. ОСЫ ТҰРҒЫДА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУҒА, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУҒА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕДІ.



2021 жылдың шілде айынан бастап 2026 жылдың қаңтар айына дейін Ойыл аудандық ардагерлер ұйымының кеңесіне төрағалық еткен Б.Бақтыгереевтің жетекшілігімен ұйым жүйелі әрі нәтижелі жұмыстар атқарды. Бұл кезеңде аудандық ардагерлер кеңесі облыстық ардагерлер кеңесінің әдістемелік басшылығын негізге ала отырып,

жергілікті атқарушы органдармен, қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста қызмет етті. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ардагерлер қауымының қосқан үлесі айрықша. Аға буын өкілдері халықты сабырға шақырып, қоғамдық тұрақтылықты сақтауда үлкен рөл атқарды. Есепті кезең соңында ауданда 1856 зейнеткер тіркелсе, оның

1616-сы ардагерлер ұйымының мүшелері. Өмір сүру ұзақтығының артуы, егде жастағы азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы — аудандық ардагерлер кеңесінің мақсатты жұмысының нәтижесі. 2025 жылы бастауыш ардагерлер ұйымдарында есеп беру—сайлау жиналыстары ұйымдастырылып, олардың құрылымы жаңартылды. Нәтиже-

сінде аудан бойынша бастауыш ардагерлер ұйымдарының саны 14-ке жетті. Ардагерлер кеңесі Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар, еңбекке баулу, кәсіптік бағдар беру бағытындағы форумдар мен кездесулер ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында еңбек адамының мәртебесін көтеруге бағытталған бастамаларға ардагерлер белсенді қатысты. Отбасы құндылықтарын сақтау, тұрмыстық дау-дамайдың алдын алу бағытында да ардагерлердің рөлі зор. «Дәнекер» бағдарламасы аясында жұмыс істейтін медиаторлар жүзден астам істі татуластыру жолымен шешуге ықпал етті. Қорытындылай келе, 2021–2026 жылдар аралығында Ойыл аудандық ардагерлер ұйымы қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, жастарға бағытбағдар беруге бағытталған ауқымды жұмыстарды абыроймен атқарды. Ардагерлердің өмірлік тәжірибесі мен елге деген жанашырлығы алдағы уақытта да аудан дамуына қызмет ете берері сөзсіз.

ТАЛАП БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ!

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ИДЕОЛОГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ТАРАПЫНАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ТӨРТІПТІ НЫҒАЙТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫС КҮШЕЙТІЛДІ.



Біздің мақсатымыз — тек құқық бұзушылықтарды анықтау ғана емес, құқық бұзуға жол бермейтін жүйе қалыптастыру. Біз адал қызметкерлердің құқықтарын қорғау, ішкі істер органдарының имиджін арттыру және ең бастысы — халықтың сенімін нығайту бағытында жұмыстар атқарып келеміз. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі «Адал полиция» атты ауқымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараны жүзеге асыруда. Қазіргі уақытта жеке құрам арасындағы профилактикалық жұмыс жүйелі негізде жүргізілуде.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде облыс бойынша жеке құрам арасындағы қылмыстарды тіркеу айтарлықтай төмендеді.

Қатарымызды лайықсыз қызметкерлерден тазарта отырып, антқа соңына дейін адал болған жандарды ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздік жылдарында қызметтік борышын өтеу кезінде 11 әріптесіміз қаза тапты.

Мемлекет заңды және оны қорғаушыларды қорғайды. Мысал келтірсек:

Ақтөбе қаласының тұрғыны учаскелік полиция инспекторына қарсылық көрсетіп, дене күшін қолданғаны үшін 3 жылға бас бостандығынан айырылды.

Облыс тұрғыны полиция инспекторына пара беруге әрекет жасағаны үшін кінәлі деп танылып, ірі көлемде айыппұл салынды, ал оған 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қауіп төнген болатын.

Құрметті аудан тұрғындары!

Жұмысымыздың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Ақтөбе облысы Полиция департаментінің Өзіндік қауіпсіздік басқармасының сенім телефоны тәулік бойы жұмыс істейді. Егер сіз полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінің куәсі болсаңыз, дереу мына номерге хабарлауыңызды сұраймыз 8-771-267-55-99.

Сондай-ақ, пара беру, билік өкіліне қоқан-лоққы жасау немесе күш қолдану қылмыстық жауапкершілікке әкел соғатынын ескертемін. Баршаңызды заң талаптарын сақтауға және өзара құрмет танытуға шақырамын.

Өз қатарымыздың тазалығы мен қоғамдағы заңдылық — біздің басты басымдығымыз!

Ақтөбе облысы Полиция департаменті
Өзіндік қауіпсіздік басқармасы

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2026

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

2026 жылғы 8 ақпан

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2026 жылғы 8 ақпанға тағайындалған Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің сайлауында аталған округ сайлаушыларының дауыс беруі таңғы сағат 7.00-де басталып, кешкі 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
2	№413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42

ҰЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАРСАНҒЫНДА: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ТАРИХИ БЕЛЕСІ



Қызылорда - Сыр елі, «Алаштың анасы» деп аталатын қасиетті өлке. Міне, осы тарихи топырақта Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы өтті. Бұл кездейсоқтық емес. Бір ғасыр бұрын Қазақстанның астанасы болған, маңызды тарихи шешімдер қабылданған қала тағы да ұлттық маңызы бар оқиғаға куә болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзі - бұл жай баяндама емес, ұлт тағдырына қатысты тарихи құжат, болашаққа бағдар белгілейтін стратегиялық жоспар.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАБЕС - ҰЛТТЫҚ ҚУАТТЫҚ КӨРІНІСІ

Кез келген мемлекеттің күші - оның нақты істерінде, халқының өмір сүру деңгейінде көрінеді. Былтырғы жылдың қорытындылары - біздің таңдаған жолымыздың дұрыстығын дәлелдейтін нақты дәлелдер. Экономиканың 6,5 пайызға өсуі - бұл статистикалық сан емес, әрбір отбасының әл-ауқатының жақсаруы. Жан басына шаққандағы ІЖӨ-нің тәуелсіздік тарихында алғаш рет 15 мың долларға жетуі тек экономикалық көрсеткіш емес, әлемдік аренадағы біздің орнымыздың нығаюы.

Орталық Азия бойынша рекордтық нәтижелерге қол жеткізгеніміз кездейсоқ емес. Бұл - басшылықтың стратегиялық көрегенділігін, халықтың еңбекқорлығының, ұлттық бірліктің нәтижесі. Алтын-валюта қорының 65 миллиард доллардан асуы, Ұлттық қордың валюталық активтерінің 5 миллиард долларға ұлғаюы - бұл болашаққа сенімді қарауға мүмкіндік беретін қаржылық қорға. Әсіресе, Қызылорда облысының дамуы көңіл қуантады. Үш жылда 2 триллион теңгеге жуық инвестиция - бұл өңірлік дамудың нақты көрінісі. Жаңа жылу электр орталығы, жаңартылған әуежай, күрделі жөндеуден өткен темір жол вокзалы, 34 білім беру, 45 мәдениет - спорт, 40 медицина нысаны - міне, адам капиталына салынатын инвестиция осындай болуға тиіс.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ - ДАМУДЫҢ ТІРЕГІ

Президенттің инфрақұрылымдық жобаларға баса назар аударуы заман талабы. ХХІ ғасырда мемлекеттік бәсекеге қабілеттілігі оның логистикалық әлеуетімен, көлік желілерінің дамуымен тікелей байланысты. «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» - еліміздің транзиттік әлеуетінің негізгі тамыры. Бірақ Қызылорда - Ақтөбе арасындағы бөлігінің тарлығы апаттарға әкеліп соқты. Енді төрт жолақты жаңа күре жол салынады - бұл қауіпсіздік те, экономикалық тиімділік те. «Бейнеу - Сексеуіл» жолының құрылысы «Орта дәліздің» қашықтығын 900 шақырымдық қысқартыды. Бұл - уақыт үнемі, жұқ тасымалдау шығынының азаюы, Ақтау мен Құрық порттарына тура жолдың ашылуы. Қарағанды - Жезқазған бағытындағы екі жолақты жаңа жол, Сарыағаш айналма жолы-әрбір жоба нақты экономикалық пайда әкелетін стратегиялық шешім. Темір жол инфрақұрылымының дамуы да қарқынды жүріп жатыр. «Достық - Мойынты» теміржолының екінші желісі, Алматыны айналып өтетін теміржол - Қытаймен сауда айналымын арттырудың, транзиттік әлеуетті толық пайдаланудың кілті. Биыл салынатын «Қызылжар - Мойынты» және «Дарбаза - Мақтаарал» желілері логистикалық картаны түбегейлі өзгертеді.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЕГЕМЕНДІК - ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЭЗЕГІ

Президенттің энергетика туралы айтқан әрбір сөзі мұқият тыңдауға тұрарлық. Цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірінде энергетикалық тәуелсіздік ұлттық қауіпсіздіктің негізіне айналады. Біздің 33 миллиард тонналық көмір қорымыз - бұл Төңірдің сыйы, стратегиялық активіміз. Президент Трамптың «Маған жел емес, көмір ұнайды» дегенін дәйексөз келтіруі кездейсоқ емес. Өлемде энергетикалық саясат қайта қаралып жатыр, біз де қорымызды толық пайдалануымыз керек. Көмірмен қуат өндіруге Ұлттық жоба мәртебесін беру - тарихи шешім. Бірақ бұл жай көмір өндіру емес, заманауи технологияны қолдана отырып, қоршаған ортаға зиянсыз қуат алу. Көкшетау, Семей, Өскемендегі жылу электр орталықтары, Құрчатовтағы электр станциясы, Екібастұздағы энергоблоктар - бұл жобалардың әрқайсысы мұқият жоспарлауды, тез арада іске асыруды талап етеді.

Дегенмен, Президент Үкімет пен «Самұрық - Қазына» қорының жұмысына әділ сын айтты. Шынында да, маңызды жобалар созбалаңға түсуі - кешірілмейтін қателік. Жұртшылық нәтиже күтіп отыр, ал біз бюрократиялық кедергілерді жеңе алмай жатамыз. Бұл - басқару мәдениетін жақсарту қажеттілігін айқын дәлелі. Газ мәселесі де өзекті. Жыл сайын 100 миллион тонна шикі мұнай өндіретін

ел бола тұра, авиакеросин бағасы жағынан көрші елдермен бәсекелесе алмай отырмыз - бұл ақылға қонымсыз! Газ импорттың 18 пайызға өсіп, 4,5 миллиард текше метрге жетуі, ал жаңа кеніштерді ашу баяу жүруі - тиімсіз жоспарлаудың салдары. Энергетикада кадрлық шешімдер қабылдау уақыты жетті.

ДАТА-ОРТАЛЫҚТАР ДӘУІРІ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАЙЫНДЫҚ Жасанды интеллект заманында дата - орталықтар - жаңа дәуірдің зауыттары. Бірақ олар металлургия комбинаттары сияқты көп энергия тұтынады. Сондықтан Екібастұз бассейнінің энергетикалық қуатын пайдалана отырып, «Деректерді өңдеу орталығы алқабын» жасау - өте дұрыс бастама. Бұл тек технологиялық орталық емес, цифрлық экономиканың негізі. Президент дұрыс ескертті: нақтылықта алдымен көрінген жерге қойма салып, содан кейін инженерлік жүйелер тартылады. Мұндай қателіктерге жол бермеу керек. Барлық IT инфрақұрылым мұқият жоспарлануы, бірыңғай стандарттарға сай келуі қажет. Өйтпесе ауқымды жұмыстың мән-маңызы жоғалады.

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА - ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ

Енді сөздің ең маңызды, ең тарихи бөлігіне келейік. Бір палаталы Парламентке көшу - бұл жай құрылымдық өзгеріс емес, саяси жүйенің түбегейлі жаңғыруы. Ең алдымен, атау - Құрылтай. Қандай символдық мәні! Құрылтай - қазақ халқының ғасырлар бойы демократиялық дәстүрінің, ұжымдық шешім қабылдаудың, ұлттық бірліктің символы. Тарих беттерінде бабаларымыз ең маңызды мәселелерді Құрылтайда шешкен. Енді заманауи Құрылтай - заң шығарушы орган ретінде қайта туылады. Бұл өткен мен болашақтың үйлесімді ұштасуы, ұлттық дәстүр мен заманауи парламентаризмнің бірігуі. 145 депутат - бұл саннан көрі, сапаға назар аударудың көрінісі. Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, әртүрлі нұсқаларды қарастырды. Кейбіреулер 500 депутат ұсынды, басқалары пропорционалды уәкілдік идеясын көтерді. Бірақ негізгі мақсат - тиімді, кәсіби Парламент құру. Өлеңдік тәжірибе көрсеткендей, сапалы заң шығару үшін депутат санын көбейтудің қажеті жоқ. Президент квотасының алынып тасталуы - батыл, бірақ логикалық шешім. «Жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығына, қадағалауына мұқтаж емес» деген сөз - Парламентке деген сенімнің, оның дербестігіне деген құрметтің көрінісі. Депутаттар бәрине бірдей тәртіппен сайлануға тиіс. Арнайы тағайындалған «таңдаулы тұлғалар» болмауы керек. Дегенмен, жастар, әйелдер, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квоталардың сақталуы - әлеуметтік әділдік қағидатының іс жүзіндегі көрінісі. Бұл квоталар еліміздегі барлық қоғамдық топтардың Парламентте өкілдігін қамтамасыз етеді. Бес пайыздық межені қалдыру да дұрыс - ол партиялар арасындағы саяси бәсекеңі қамтамасыз етеді. Бүгінгі Мәжіліске алғаш рет алты партияның өтуі - соның нәтижесі. Парламенттің негізгі мемлекеттік органдардың құрамын жасақтау құзыреті де күшейеді. Конституциялық сот, Жоғары аудиторлық палата, Орталық сайлау комиссиясы мүшелерінің барлығы Парламенттің келісімімен тағайындалады. Жоғарғы соттың судьяларын Парламент сайлайды. Бұл - билік тараптары арасындағы тежегімелік теңестірікті нығайту, парламентаризмді нағыз мәніне жеткізу.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ - БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ ЖАҢА МЕКЕМЕСІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың орнына Халық Кеңесін құру идеясы терең ойластырылған, көреген шешім. Бұл екі институт өз тарихи миссиясын абыроймен атқарды. Ассамблея этносаралық келісімді нығайтты, Құрылтай қоғамдық-саяси реформалардың қозғаушы күшіне айналды. 26 заң қабылдауы, әйелдер құқығы мен балалар қауіпсіздігі бойынша нақты қадамдар жасалуы, лудомания мен нашакорлыққа қарсы күрес жүргізілуі - Құрылтайдың тиімділігінің дәлелі. Енді жаңа кезең басталады. 126 мүшеден тұратын Халық Кеңесі - этномәдени орталықтардың 42 өкілі, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілі, мәслихаттар мен аймақтық қоғамдық кеңестердің 42 өкілі - барлық қауымдастықтардың, барлық өңірлердің үнін естітетін алқа. Бұл - қоғам мен биліктің тұрақты диалог платформасы. Ең маңыздысы - Кеңеске заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуі. Бұл тек консультативті емес, нақты ықпал ететін орган болатынын білдіреді. Ішкі саясатты жетілдіру, мемлекеттік идеологияны насихаттау, әлемдік діндер көшбасшыларының съезін ұйымдастыру - міне, Халық Кеңесінің алдында тұрған маңызды міндеттер.

Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеуі, мүшелер тарапынан сайлануы - демократиялық қағидаттың сақталуы. Ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, хатшылық меңгерушісі - тиімді құрылым. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия - маңызды мәселелерді талқылаудың жоғары деңгейдегі алаңы.

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫ - БАСҚАРУ САПАСЫНЫҢ АРТУУЫ

Вице-президент лауазымын енгізу

(Аналитикалық шолу)

туралы ұсыныс алғашында таңдандыруы мүмкін. Бірақ Президенттің түсіндіруі барлық күдіктерді жояды. Бұл Президент билігін әлсірету емес, керісінше, мемлекетті басқару процесін тұрақтандыру, билік иерархиясын айқындау. Вице-президенттің міндеттері нақты және түсінікті: халықаралық форумдарда Қазақстан атынан өкілдік ету, Парламентте Президенттің мүддесін білдіру, қоғамдық-саяси ұйымдармен байланыс орнату. Бұл - Президентті ағымдағы рутиналық жұмыстардан босатып, стратегиялық мәселелерге шоғырлануға мүмкіндік береді.

Вице - президентті Президент Парламенттің келісімімен тағайындайды - бұл билік тармақтарының өзара әрекеттесуінің тағы бір көрінісі. Президенттік республика моделі сақталады, бірақ басқару тиімділігі арта түседі. Көптеген табысты мемлекеттердің тәжірибесі осы институттың жұмыс істейтінін дәлелдейді.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ SAҚTAYДЫҢ KEПІЛІ

Цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірінде рухани бірегейлікті сақтау өзекті міндет. Президент дұрыс айтты: «Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады». Бұл - жаңа дәуірдің талабы. «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясы - керемет бастама. Ғылыми еңбектер, мұрағат материалдары, мұражай қорлары, өнер туындылары - барлығы цифрландырылып, жас ұрпақ қол жетімді болады. Бұл тек сақтау емес, зерделеу үшін жаңа мүмкіндіктер ашу.

Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің өзегі. «Қара сөздерді» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіміне енгізу - әлемге қазақ философиясының тереңдігін танытатын қадам. «Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Толық адам» идеясының астасуы кездейсоқ емес - біз ұлы бабаларымыздың ойын заманауи контекстте жалғастырып жатырмыз. Әл-Фараби, Ясауи ілімдерін тұрақты түрде насихаттау керек. Бұл басқаға емес, өзіміз үшін қажет. Олардың мұралары - рухани-философиялық болмысымыздың тірегі. Мерейіті кезінде ғана емес, үнемі еске алуымыз керек. Қаратау петроглифтері, Сауысқан-дық, Арпаөзендегі 17 мың петроглиф - төрт мың жылдық тарихымыздың дәлелі. Жаркент мешіті, Вознесенск кафедралды шіркеуі - «Бірлігіміз - әралуандықты» қағидатының іс жүзіндегі көрінісі. Мұны өлемге таныту - міндет. Маңғыстаудың жерасты мешіттерін ЮНЕСКО тізіміне енгізу жұмысы жүріп жатыр. Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді енгізіп жатқан 25 елдің қатарында. Бірақ тоқтап қалға болмайды - әлі көп жұмыс бар.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» - ЖАҢА ӨМІР САЛТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

«Таза Қазақстан» - бұл науқан емес, күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Президент дұрыс айтты: «Тазалық халқымыздың адал ниеті мен таза пейілінен басталады». Көшелер, үйлер, ауылдар - барлығы таза, ұқыпты болуға тиіс. Бұл - өркениеттіліктің белгісі. Тазалық тәртіпті күшейтеді, тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы тұжырымды ұрпақ санасына сіңіру керек. Нағи Ілиясов, Таң ауылдары - үлгі. Бұл жерлерді Президент үнемі атап өтеді. Демек, ауылдық елді мекендер де қала сияқты тазалыққа ұмтылуы керек. «Таза Қазақстан» ұлттық идеологияның ажырамас бөлігі. Бірақ бұл тек сыртқы тазалық емес, ішкі адалдық та. Жемқорлыққа қарсы күрес, мемлекеттік қаржыны дұрыс пайдалану, есеп беру - міне, нағыз тазалық.

ЖАСАМПАЗ ОТАНШЫЛДЫҚ - НАҚТЫ ІСПЕН ОТАҢҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Отаншылдық дегеніміз не? Мемлекеттің Туды желбірету, патриоттық ұрандар айту - бұл жеткіліксіз. Президент дұрыс айтты: «Отан алдындағы жауапкершілігің сөзіңің, перзенттік парызыңды өтеуге таппыңбасаң, «отаншылдық патриоттық» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ». Жасампаз отаншылдық дегеніміз - зауыттарда, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтау ұйымдарында, мектептерде, университеттерде, ғылыми зертханаларда адал еңбек ету. Әскери борышты өтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау, «Таза Қазақстан» акциясына қатысу, волонтерлік қозғалыстарға белсене араласу, қайырымдылық жасау - міне, шынайы отаншылдық!

Депутат Сабильяновтың айтқаны бойынша, бұл - жауапкершілікке негізделген отаншылдық. Еліміздің спортшылары жарқын жеңіспен, ғалымдары іргелі еңбегімен, өнерпаздары тамаша дарынымен Отанды жер жүзіне танытып жүр. Әр азаматымыздың жетістігі - Қазақстанның жетістігі, әр өреніміздің абыройы - барша қазақтың беделі.

ӨЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ҚАТЕРЛЕР: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Президенттің Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорындағы жемқорлыққа қатысты айтаңдары ашынарақ қатаң. 2024-2025 жылдары медицинаға 7,8 триллион теңге (15,5 миллиард доллар) бөлінді.

Бұл - орасан қаржы. Бірақ көпе-көрнеу жалған деректер ұсынылып, мем-

лекет қаржысы толан-таража түсіп жатыр. Бүкіл ел экономиканы өркендетуге, инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыруға тырысып жатқанда, әлеуметтік салаға бөлінген қаражат жымқырылуда. «Жедел жәрдем» қызметкерлері мен фельдшерлер наразылық акциясына шығады, ал Қорда қомақты қаржы бар.

Үкіметтің Қорды Қаржы министрлігіне беру шешімі дұрыс. Өлеуметтік сала басшыларының біліктілігі мен мемлекет мүддесіне немісқұрайлығы - міне, мәселенің түбірі. «Адал шенеуніктер» деген талап тек ұран емес, нақты міндет болуы керек. Алаяқтар ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Экономикалық алаяқтық, иммиграциялық алаяқтық, цифрлық алаяқтық - барлығына қарсы күресті күшейту керек. Азаматтардың қаржылық және цифрлық сауатын арттыру, дербес деректерді қорғау - өзекті міндеттер.

ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ: ДӘСТҮРЛІ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

Президенттің қоғамдағы моральдық құндылықтарға қатысты айтқандары ерекше назар аударарлық. Дәстүрлі отбасы институтын заңнамалық тұрғыдан нығайту керек. Бірақ ешкімді қылмыстық қудалауға, моральдық жағынан кемсітуге жол жоқ. «Әр азаматтың таңдау құқығы бар. Алайда ешкім өз таңдауын біреуге күштеп таңа алмайды» - міне, тепе-теңдік формуласы. Шымкентте Нұрай есімді қыздың қаза болуы бүкіл елді дүрліктерді, 130-дан астам өтініш келіп түсті. Қыз алып қашу - адам ұрпау, жабайы қылмыс. Мұндай қатігездікке жол беруге болмайды. Ішкі істер министрі мен Бас прокурор мұқият тексеруде. Заң мен тәртіп - бәрине ортақ. Азаматтардың сана - сезімі ескен сайын заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы керек. Әйелдер құқығын, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету - мемлекеттің міндеті.

СЫРТҚЫ САЯСАТ: ТЕНГЕРІМДІЛІК ПЕН ПРИНЦИПТІЛІК ҰШТАСУЫ

Халықаралық ахуал шиеленісіп тұрған заманда сыртқы саясаттың маңызы арта түседі. Президент дұрыс айтты: «Дипломатияда бұрыс шешімнің салдары өте ауыр болады. Мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған мүдделеріне орын толмас нұқсан келуі ықтимал». Экономикада бір жоспарды басқасымен алмастыруға болады, бірақ халықаралық шарттарға қол қойғаннан кейін одан бас тарта алмайсың. Айтылған сөз - атылған оқ! Ибраһим келісімдеріне қосылу шешімі - терең ойластырылған, прагматикалық және әділ қадам. Келісімнің атауының өзінде үлкен мән жатыр. Ибраһим (Авраам) - иудаизм, христиан және ислам діндеріне ортақ пайғамбар. Бұл - бүкіл адамзатты біріктіретін құндылықтарға негізделген келісім. Қазақстан - жауапкершілігі жоғары «орта держава» және жер көлемі бойынша ислам әлеміндегі аса ірі мемлекет. Біз түрлі халықтар мен діндер арасында татулық пен келісім болуын қалаймыз. Сондықтан бұл келісімге қосылу - біздің бетімізге қарай жасалған шешім. Бұл еліміздің халықаралық беделін көтереді, Тасу Хылыстағы бейбітшілік үдерісіне ұлас қосамыз.

Біздің сыртқы саясат ұстанымымыз айқын: барлығымен достасамыз, бірақ өз мүддемізді қорғаймыз. Еуразиялық экономикалық одақа тарағалық ету жылы біз жасанды интеллекттің енгізуіне, саудадағы кедергілерді жоюға, негізсіз протекционизмге қарсы күреске басымдық береміз. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы орынсыз қысымға ұшырап отыр - бұл қалыпты жағдай емес. Субсидия берілетін өнімдер көбейіп, отандық өндірушілер қиналуда. Бұл - біз үшін азық - түлік қауіпсіздігінің мәселесі. «Тәуелсіздік - бәрінен қымбат» - бұл мерейімізге ураны емес, қазіргі дүрбелеңге толы заманда ұлттық стратегиямыздың негізгі қағидасы. Президент дұрыс айтты: «Тәуелсіздік дегеніміз - ең алдымен, жауапкершіліктің бірлік пен келісім». Бірлікті сақтап, есіп-өркендеген, абырой-беделі жоғары әрі қуатты мемлекет құру - міне, басты мақсатымыз.

«ТАРИХИ ЖАРАҚАТ АЛҒАН» ҰЛТ ПСИХОЛОГИЯСЫНАН АРЫЛУ

Президенттің осы тұстағы сөзі ерекше мәнге ие. Біз «тарихи жарақат алған» ұлт психологиясынан біржола арылуымыз керек.

Басқа түскен қайғы- қасіреттің бәрін өзге халықтардан көру, ұлтымыздың маңдайына жазылған ащы тағдыр туралы бітпейтін пікірталастар жүргізу-кешегі күнмен өмір сүру деген сөз».

Бұл - психологиялық жаңғырудың негізі. Иә, тарихта қиын кезеңдер болған. Бірақ біз тек жәбір көргенде емеспіз - біз ұлы өркениет құрған, қуатты мемлекеттер басқарған, әлемге даналар сыйлаған халықпыз! Қорқыт ата дәуірінен бастап, Түрік қағанаты, Қарахан мемлекеті, Алтын Орда - міне, біздің нағыз тарихымыз. «Біз - болашағы жарқын, жолы ашық жас мемлекетпіз. Сондықтан уақыт көшінен қалмай, тек алға қарай жүріміз керек». Міне, жаңа ұлттық сана-сезімнің негізі! Өткенді құрметтеу керек, бірақ болашаққа сеніммен қарай керек. Әлем өзгеріп жатыр. Саясат пен экономикадан бастап, климат пен технология дейін барлығы қайта қаралауда. Мұндай жағдайда біз де батыл, инновациялық шешімдер қабылдай

білуіміз керек. Президенттің Үкімет мүшелеріне айтқан сөзі маңызды: «Егер әлдекімнен немесе әлденеден қорықсаңыздар, маған қызметтік хат жазыңыздар. Егер сіздер қабылдаған шешімнің, иә болмаса ұсыныстың пайдасы болатынын байқасаң, оң резолюция қоямын. Бүкіл жауапкершілікті өзіме аламын». Бұл - шынайы көшбасшылық! Жауапкершілікті өз мойнына алу, инновацияларды қолдау, жаңашылдыққа жол ашу - міне, қазіргі заманның талабы.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ЖАҢА АТА ЗАҢ ТУЫЛУЫ

Парламенттік реформа жоспарланғанда Ата заңның 40- қа жуық бабын өзгерту көзделген еді. Бірақ жұмыс барысында түзетулер саны әлдеқайда көп екені белгілі болды. 2022 жылғы реформадан 33 баб жаңарғанын еске алсақ, ендігі өзгерістер одан әлдеқайда ауқымды. Шын мәнінде, біз жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз. Конституцияның Преамбуласын қайта жазу - ерекше маңызды. «Біз бәріміз Өділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидат енгізілуі қажет. Сондай-ақ құқықтық мемлекет құру, табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау - мұның бәрі Ата заңда нақты көрініс табуға тиіс.

Қазақ жеріндегі өркениет пен мемлекеттіліктің тарихы терең өкенін Преамбулада айқын көрсету керек. Қазақстан Ұлы даладағы ұлы мемлекеттердің мұрагері - бұл мақтаныш! Цифрландыру үдерісінің институционалды-құқықтық негізі Ата заңда міндетті түрде аталуы қажет. Азаматтардың дербес цифрлық деректері заңмен қорғалатыны нақты айтылуы керек. Бұл - ХХІ ғасырдың талабы. Мемлекет басшысын сайлау мәселесі бойынша да маңызды өзгеріс ұсынылды. Президент мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс сайлау өтеді деген норма Конституцияда нақты белгіленуі керек. Президенттің айтқандай: «Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни заңды түрде келуі керек. Бұл - мен үшін мызғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс!» Бұл - демократиялық дәстүрді нығайту, заңдылық қағидатын орнату. Ешқандай сайланбаған басшы, билікке заңсыз келу - болуы мүмкін емес!

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ: АШЫҚТЫҚ ПЕН КӨСІБІЛІК

Конституциялық комиссия құру туралы шешім - дұрыс қадам. 100-ден астам адам: Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі заңгерлер, ақпарат құралдары басшылары, аймақтық мәслихат төрағалары, қоғамдық кеңес өкілдері, білікті мамандар - міне, ең жақсы мидарды жұмылдыру. Конституциялық соттың төрағасы жетекшілік етеді - бұл жоғары кәсібилік пен заңдылықты қамтамасыз етеді. Комиссия барлық ұсынысты сараптап, қорытып, нақты өзгерістердің жобасын әзірлейді. Одан кейін халық референдумда өз сөзін айтады. Референдум - демократияның жоғары көрінісі. 2022 жылғы конституциялық реформаға, Атом электр станциясын салуға қатысты референдумдарда халық басшы көпшілігін Президент тік қолдады. Бұл - сенімнің, бірліктің көрінісі. Алдағы референдум та осылай өтеді деп сенемін.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: СӨЗДЕН ІСКЕ

Цифрландыру және жасанды интеллект жылы - бұл сән қуу үшін жарияланған жоқ, Бұл - бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет, стратегиялық міндет. Нәтиже нақты әрі көзге көрінетін көрсеткіштермен өлшенуге тиіс: шешім қабылдау мерзімінің қысқаруы, еңбек өнімділігінің артуы, қызмет сапасының жақсаруы. Бірақ Президент ескертеді: «Басқару ісінде белең алған берекесіздікті озық технологиялар өз бетімен жойып жібере алмайды». Алдымен басқару жүйесін реттеп алу, мемлекеттік сектордағы жұмысты ұйымдастыру мәдениетін жақсарту керек. Содан кейін ғана цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологиясы нақты нәтиже береді. Логистика саласындағы қателіктерге жол беруге болмайды: алдымен көрінген жерге қойма салып, содан кейін инженерлік жүйелер тартылуы - бұл сауатсыздық. Барлық нысандар бірыңғай талаптарға сай, мұқият жоспарлануы керек.

БІЛІМ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: РЕФОРМАЛАР ЖАЛҒАСАДЫ

Жекеменшік мектептерді қаржыландыру тәсіліне қатысты шағымдар келіп түсті.

Президент өз ұстанымын нақты айтты: қазіргі тәртіп бұрмаланған, аудит нәтижесінде заңсыз шығындар анықталды. Жас басына сәйкес қаржыландыру жүйесінің осалдығы - міне, проблеманың түбірі. Үкіметке білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландыру жүйесін шұғыл түрде реформалау жүктелді. Қаржыландырудың нақты критерийлері қажет. Бизнес саласы орта білім беруді дамыта да маңызды рөл атқаратынын ескеру керек, бірақ мемлекет бақылауын өлсіретуге болмайды.

Денсаулық сақтау саласындағы жағдай одан да ауыр. Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорында қыруар қаржы жымқырылған. Мемлекет 2024-2025 жылдары медицинаға 7,8 триллион теңге бөлді, бірақ көпе-көрнеу жалған деректер ұсынылып, қаржы талан-таражаға түсуде. Қорды Қаржы

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

АУЫЛДАСТАРЫМ СВЕТАНЫ ҚОЛДАЙДЫ ДЕП СЕНЕМІН!



ЕЛІМІЗДЕ ӨТЕТІН ӨРБІР САЯСИ НАУҚАНЫҢ ӨЗ ҚЫЗЫҒЫ МЕН ШЫЖЫҒЫ ҚАЗАТ ЖҮРЕТІНІ РАС. МЫСАЛЫ, ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУДА ДА «КІМГЕ ДАУЫС БЕРЕМІН?» ДЕГЕН СҰРАҚҚА ЖАУАП ІЗДЕСЕК, АҚПАНЫҢ 8-І КҮНІ ӨТЕТІН АУЫЛ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ ДА ҚАЙЫҢДЫЛЫҚТАР ҮШІН СЫН САҒАТЫ БОЛҒАЛЫ ТҮРІ ЖЕРЛЕСТЕРІМ ҮШІН ҚАЙ КАНДИДАТТЫ ҚОЛДАЙМЫН ДЕГЕН СҰРАҚ ҚАЗІР ЕКІНІШ БІРІНЕ МАҢЫЗДЫ.

Қазақтың басты байлығы, өрине ауылдан бастау алады. Ауылсыз қазақты, қазақсыз ауылды елестету де мүмкін емес. Содан босқа керек, үлкені де, кішісі де ауылдың келешегі үшін әртүрлі мінберден мәселе көтеріп, ауыл тұрмысы жақсарса деген ниетпен айтады. Ол ең бірінші ауыл әкімінің қолында. Мәселені уақытында тиісті орындарға жеткізіп, ол оң шешілгенше соңында жүріп, ықпал ету керек! Өзіндік ерекшелігі мен қиындығы көп Қайыңды үшін кандидат Ақтөбедең келіп сайлауға түсіп жатса, бұл үшін қуанымыз керек! Саралжында дүниеге келсем де, бар саналы ғұмырым Қайыңдыда өтті. Қайыңдының қалай гүлденіп, көркейгені де көз алдымда, қалай құлпытарағанының да куәсі болдым.

Өмірімнің көп бөлігі өткен елкенің түлеп жаңарғаны мен үшін үлкен мәртебе. Сол себепті, быылғы сайлауда Света Бақтырқызы Әмірбаеваны қолдауға бел будым. Света Әмірбаева 1969 жылы Ойыл селосында дүниеге келген. Төрт баланың анасы. 1987 жылы Ойыл кәсіптік-техникалық училищесін үздік бітіріп, кейін Алматы құрылыс техникумында оқып, «Үйлерді техникалық

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

АУЫЛДЫҢ ЕРТЕҢІ – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ



ЖАСТАРҒА «ЖАНЫ ЖАҚСЫ АҒАНЫҢ, ЕТЕПІН БАСПА, ЖОЛЫН ҚҰ» - ДЕСЕ, ҮЛКЕНГЕ «БОЛАЙЫН ДЕГЕН БАЛАНЫҢ, БЕТІН ҚАҚПА, БЕЛІН БУ» ДЕГЕН БІЗДІҢ БАБАЛАР НЕТКЕН КӨРЕГЕН? АЛ, АҚЫЛ ТОҚТАТҚАН АЗАМАТ ҮШІН АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТТЕН АРТЫҒЫ ЖОҚ!

«Тәрбие — тал бесіктен» дейді. Сондықтан, ата-аналарды бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуге, оларға рухани, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге шақырады. Өлемге мейіріммен қарасаң, ол да саған мейіріммен қарайды деген қағидаға сүйеніп, болашақта Қазақстанды ең көркем, дамыған елдер қатарына қосатын – бүгінгі орта буын! Ол үшін біз алдымен шағын ауылды көркейтуден бастауымыз керек. Ұзақ жылдар ауданның құқық қорғау саласында еңбек етіп, туған жерге қызмет етудің үлгісін көрсеткен Дархан замандасымыз алдағы сайлауда Қайыңды ауылдық округ әкімдігіне өзінің кандидатурасын ұсынып отыр. Дархан Ғалымжанұлы 1978 жылы 15 наурызда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келді. 1996-1998 жылдары ҚР Қарулы Күштері қатарында Отан алдындағы ескери борышын өтеді. 2002-2007 жылдары «Қайнар» университетінде оқып, «Заңгер» мамандығы бойынша жоғары білім алды. 1998-2000 жылдары Ойыл ауданы

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

СЕНІМГЕ ЕҢ СЕНІМДІ ТҮЛҒА!



Дөңгелеген дүние дүрмегі талай бозбаладан атпал азамат шығарды. Сол азаматты ел-жұртының алдында абыройлы етті. Десе де әрбір жан-ның жүрек түкпіріндегі жақсы ойы мен жылы пейілі оның өмірден өз орнын табуға көмектеседі деу де орынды шығар. Дәурен де жақсы адам боламы деген ойдың жетегінде жүріп, жақсылыққа жеткен азаматтардың қатарынан. «Ат болатын құлынды желі басынан танысың...» дегендей, жасынан ауылдың жақсылығы мен мехнатын бала болса да, көріп өскен жігіттің көргенінен түйгені көп. «АМАНАТ» партиясының да ортамыздан «ойып алып», әуелден әкімдік тәжірибесі бар Дәуренге сенім артуы сондықтан! Даңқа түлпар дүлдүлдігімен жетеді. Абырой мен атаққа азамат біліктілігімен жетеді», - демекші, осындай ел алғысы мен сеніміне бөленген азаматты қолдау бәрімізге сын! Ауылдағы қайнаған қызу тірліктің бел ортасында өскен Дәурен Бисебаевты «АМАНАТ» партиясы Қайыңды ауылдық округінің әкімдігіне ұсынып отыр. Таңалакеуімде басталатын ауылдың тынымсыз тірлігінде қайнаған жігіт берекені көктен емес, еткен еңбектен тілейді. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ еңбекке араласқан жігіт үшін ауылдың тіршілігі бес саусағындай таныс.

Дәурен Қаржауұлы 1976 жылдың 5 мамырында Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылында дүниеге келді. 1983 жылы Қарай орта мектебіне қабылданып, 1993 жылы аталған мектепті аяқтады. 1994-1997 жылдар аралығында Ақтөбе политехникалық колледжінде «Өндірістік оқу шебері, техник-механик» мамандығы бойынша арнаулы орта білім алды. Ең

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

МӘУЛЕННІҢ МЕРЕЙЛІ СӘТІ



ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТУРАСЫН ҰСЫНЫП ОТЫРҒАН МӘУЛЕН ОРАЛҰЛЫ ҚЫРЫҚҚА ҚАДАМ БАСҚАН ЖІГІТ.

Саралжында туған Мәуленге ауылы аралас, қойы қоралас көрші жатқан Қайыңдының тынысы мен тұрмысы да бес саусағындай таныс. Сондықтан да, Мәулен Төремурастовтың сайлауалды бағдарламасы негізінен елді мекенді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл екпелер егілуіне ықпал етіп, адамдардың денсаулығы біздің басты байлығымыз екенін ескере отырып, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етіп, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстау, бұқаралық спортты тұрғындар арасында жүргізе отырып, «Салауатты өмір салтын» ұстанатын азаматтардың қатарын көбейту, кәсіпкерлік қызметті дамытуға ықпал етуге бағытталып отыр. «Әкім де – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқаалаған азамат. Сол себепті Қайыңды селолық округі әкімі болып сайланған жағдайда, тұрғындардың өздерінің толғандырып жүрген іріні-усақтың барлық мәселелерін шешу жолында қажетті шаралардың орындалуына атсалысуды мақсат тұтып отырмын» - дейді. Маулен Оралұлы 1986 жылдың 1 маусымында Ойыл ауданының Кемер ауылында дүниеге келді. 1992 жылы

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ САЛЫҚТАР МЕН БЮДЖЕТТІК ТӨЛЕМДЕРГЕ ЕНГІЗІЛГЕН НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Салық кодексінде мүлікке салық салуға да бірқатар өзгерістер енгізілді.

Мысалы, 10 жастан 20 жасқа дейінгі жеңіл автокөліктерге көлік құралдары салығын есептеу кезінде 0,7 түзету коэффициенті, ал 20 жылдан асқан автомобильдер үшін 0,5 түзету коэффициенті қолданылады.

Салық жыл соңында төленетінін және азайту коэффициенттерін ескере отырып, салық сомасы 2027 жылы 2026 жылға есептелетін болады.

Қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін шығарылған (дайындалған немесе құрастырылған) немесе Қазақстан Республикасының аумағына 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін әкелінген жеңіл автомобильдер үшін тарифтер алынып тасталды.

Шаруа қожалықтары басқа жеңілдіктерден басқа, бір шаруа немесе фермер қожалығы үшін жүк тұғыры және жүк салықтары қатты стационарлық қалқамен (автокөлікпен) бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңілдетілген бір автокөлікке көлік құралы салығын төлеуден босатылады.

Көлік құралын тіркеу куәлігін көрсетілген көлік құралын басқару құқығының санатына (А.В.С.Д) қарай көлік құралдарының санаттарын анықтауды нақтылай отырып, көлік құралының түріне қарай (пикаптар, джиптер, лимузиндер, фургондар) көлік құралдарын санаттарын жіктеу туралы ереже алынып тасталды.

Салық есептілігі нысандарының санын қысқарту үшін көлік құралдары салығы және жер салығы (салық есептілігі) бойынша ағымдағы төлемдерді ұсыну талабы алынып тасталды. 2026 жылдан бастап салық

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДА БІРДЕЙЛЕНДІРУ БӘРІ ДЕ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2015жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығы «Ауыл шаруашылығы жануарларының төлдері яғни,бұзаулар,қозылар,лақтар,боталар-туған күннен бастап жеті күн өткеннен кейін,құлындар-төрт айдан бастап (таңбалау),жеті күн өткеннен кейін (чиптау кезінде) он төрт жұмыс күннен кешіктірмей бірдейленеді» дерлінген. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге жануарлар иесі және шаруа қожалықтардың иелері уақытылы дерекқор базасына енгізуі туралы. Аудан тұрғындарының назарына! 2026 жылы туылған төлдерді Tort tulik мобилді қосымшасы арқылы тіркеліңіздер. Мал иесі смартфонмен қосымшадан өтініш жібереді,туылған төлдің енесінің нөмірін көрсетіп, сол өтінішті ветеринариялық дәрігер ИСЖ базасынан қабылдап, жануарға бірдейлендіру жүргізеді. Қазіргі уақытта қосымша жұмыс жасап тұр.2025жылғы «Tort tulik» (ақпараттық жүйе) -жануарлар (әсіресе ауылшаруашылық жануарлары) иелеріне арналған Қазақстанда жұмыс істейтін мобилді қосымша. Қосымшаның қазіргі күнге (2025-2026) белгіленген негізгі функциялары төмендегідей:

1.Жануарларды есепке алу және мониторинг -Сіз, өз жануарларыңызды (сиыр, қой-ешкі, жылқы, шошқа және т.б.) тізімдеп, бақылауда ұстай аласыз.

төлеушілер тек жылдық декларация тапсырып, сәйкесінше жыл соңында бір реттік төлем жасауы керек.

Жылдық салық сомасы 1,0 миллион теңгеден аспаса, ағымдағы мүлік салығы бойынша төлем есебін ұсыну талабы да алынып тасталады. Егер сома 1,0 миллион теңгеден аз болса, салық төлеуші жер салығы мен көлік салығы сияқты жыл соңында декларация тапсырып, төлемдерді жүзеге асыруы керек.

Елді мекендердің шекаралары өзгерген кезде елді мекендер шекарасының құрамына енген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылған жағдайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге арналған ставкалар бойынша есептелетін ереже енгізілуде.

Пайдалы қатты қабаларды барлауға немесе өндіруге лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскелері үшін жер учаскелерін пайдалану тарифтері ұлғайтылды.

Мақсаты бойынша пайдаланылмаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері үшін жер салығының және жерді пайдаланғаны үшін төлемәқының мөлшерлемесі екі есе өсті.

Турақты көздерден ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділері үшін, өмірлік маңызы бар инфрақұрылымды қоспағанда, бірінші санаттағы объектілерден өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемәқы ставкалары ұлғайтылды.

Салық кодексінен қызметтің жекелеген түрлеріне лицензияны пайдаланғаны үшін алым, мемлекеттік баждың 7 түрі және алымның 6 түрі алынып тасталды.

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДА БІРДЕЙЛЕНДІРУ БӘРІ ДЕ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

2.Жануарларды тіркеу (регистрация) - Жаңа жануарларды есепке қосу мүмкіндігі бар. 3. Онлайн сату және сатып алу - Жануарларды басқа пайдаланушыға онлайн түрінде сату немесе сатып алу мүмкіндігі жоспарланған және қол жетімді. 4. Есептен шығару (сойылған жануарлар) - Жануарды жеке пайдалану (мысалы сойылғанда) Тіркелген тізімнен шығару функциясы бар. 5. Ветеринариялық паспорт алу - Жануарға ветеринариялық паспорт шығаруға өтініш беруіне болады. 6.Деректерді түзету - Жануарлармен олардың иелері туралы ақпаратты түзету мүмкіндігі бар. 7. Жануар идентификациясы - Жануар белгісі (ИНН) бірдейлендіру нөмірі жоғалған жағдайда оны алмастыру функциясы бар. Алдағы жоспардағы қосылған функциялар Қосымша әрі қарай дамытыла бермек,оған төмендегі функцияларда енгізілетін болады: Ветеринариялық бақылаудан өткен етті сатып алу (мәселен «sogum.kz» секілді платформалар арқылы). Ветеринариялық қызметтер порталдары (мысалы «Vet.market» сияқты сервис арқылы қызметтерді жариялау және алу). ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1383 дана. Тапсырыс 98 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

“ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ”

ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК: БАЛАНЫҢ ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ИНТЕРНЕТ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАЛА ӨМІРІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ. ОНЛАЙН САБАҚТАР, ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР, БЕЙНЕОЙЫНДАР – БАРЛЫҒЫ БАЛАНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ УАҚЫТЫН АЛЫП ОТЫР. ИНТЕРНЕТ – ПАЙДАЛЫ ҚҰРАЛ.

Алайда оны шамадан тыс әрі бақылаусыз қолдану интернетке тәуелділікке әкеліп, баланың психикасына айтарлықтай зиян тигізу қаупі бар. Психолог мамандар интернетке тәуелділікті баланың шынайы өмірден алыстап, виртуалды кеңістікті қауіпсіз әрі тартымды орта ретінде қабылдауымен байланыстырады. Мұндай жағдайда бала өз эмоциясын басқаруда, адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға тап болады.

Интернетке тәуелділіктің негізгі психологиялық әсерлері қандай?

Ең алдымен, зейіннің төмендеуі байқалады. Ұзақ уақыт экран алдында отыру баланың ойлау қабілетін әлсіретіп, оқу материалын қабылдауын қиындатады. Сабаққа қызығушылық азайып, тез шаршау қалыптасады.

Екіншіден, эмоциялық тұрақсыздық пайда болады. Интернетке тәуелді балалар ашуланшақ, шыдамсыз болып, көңіл-күйі жиі өзгереді. Интернетке қолы жетпеген жағдайда мазасыздық, агрессия байқалуы мүмкін.

Үшіншіден, қарым-қатынас дағдылары әлсірейді. Бала вербалды сөйлесуден қашып, түйықтала бастайды. Құрдастарымен араласу қиындап, «жалғыздық» сезіміне бойын үйретеді.

Сонымен қатар, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі де жиі кездеседі. Өлеуметтік желідегі салыстырулар баланың өзіне деген сенімін азайтып, «мен жеткіліксізбін» деген ойдың қалыптасуына ықпал етеді.

Интернетке тәуелділік – тек уақытты тиімсіз өткізу емес, ол баланың тұлғалық дамуына әсер ететін күрделі психологиялық мәселе.

Сондықтан ата-ана үшін баланың интернеттегі белсенділігін бақылау, шынайы өмірдегі қарым-қатынасты күшейту және эмоционалдық қолдау көрсету аса маңызды.

Баланың психологиялық саулығы – оның болашақ өмірінің берік негізі екенін ұмытпайық.

СМАРТФОН МЕН ИНТЕРНЕТКЕ БАЛАМА: АТА-АНАҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

Баланың смартфонға тәуелділігі көбіне уақыттың бос қалуынан, эмоциялық байланыс жетіспеуінен пайда болады. Сондықтан ең тиімді жол – баланың назарын шынайы өмірдегі қызықты әрекеттерге бағыттау.

1. Бірге өткізілетін сапалы уақыт

Бала үшін ата-ананың шынайы қатысуы – ең күшті ресурс. Күнсайын кем дегенде 20–30 минут: бірге әңгімелесу, серуендеу,

үстел ойындарын ойнау (шахмат, шашка, домино, нар, тоғы-экшмалақ, психологиялық-интеллектуалды ойындар: Джанга (Jenga), Uno) баланың смартфонға деген қызығушылығын біртіндеп азайтады.

2. Қимыл-қозғалыс пен спорт

Спорттық секциялар, жүзу, би, жекпе-жек, футбол немесе қарапайым күнделікті серуен: баланың энергиясын шығарады,

эмоциялық кернеуді төмендетеді, интернетке тәуелділікті әлсіретеді.

3. Шығармашылық әрекеттер

Сурет салу, қолөнер, музыка, ән ату, театр үйірмелері: баланың өзін көрсетуіне мүмкіндік береді, ішкі күйзелісті азайтады, виртуалды әлемнен шынайы қанағат алуға үйретеді.

4. Үй ішіндегі ортақ міндеттер

Баланың жасына сай жауапкершілік беру (гүл суару, ас дайындауға көмектесу, үй жинау): өзін маңызды сезінуге, отбасы мүшесі ретіндегі рөлін түсінуге көмектеседі.

5. Отбасылық дәстүр қалыптастыру

Аптасына бір рет: «смартфонсыз кеш», бірге фильм көру, кітап оқу,

«отбасылық әңгіме сағаты» сияқты дәстүрлер баланың назарын экраннан басқаға аударады.

6. Үлгі болу қағидасы

Бала айтылған сөзден емес, көрген әрекеттен үйренеді. Егер ата-ана үнемі телефонда отырса, балаға шектеу қою нәтиже бермейді.

7. Тыйым емес – көлісім

«Телефонды алып қоямын» деудің орнына:

интернетке кіру уақыты туралы ортақ көлісім жасау, ережені бірге талқылау баланың қарсылығын азайтады.

Смартфон мен интернетті баладан тартып алу мүмкін емес. Ал оны шынайы өмірдегі мағыналы қарым-қатынас пен қызықты әрекеттер арқылы алмастыру – ең дұрыс әрі нәтижелі жол.

СІЗ ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІСІЗ БЕ?

Интернет – өміріміздің ажырамас бөлігі. Бірақ оны шамадан тыс қолдану психикаға кері әсер етуі мүмкін. Төмендегі тест арқылы өзіңізді тексеріңіз.

Нұсқау: Әр сұраққа жауап беріңіз:

- 0 – мүлде жоқ
1 – сирек
2 – кейде
3 – жиі
4 – өте жиі

Сұрақтар:

Интернетке кірмегенде уайым немесе қобалжу сезінесізбе? Интернетті қолдану уақытын бақылау қиын ба?

Күнделікті міндеттерді орындамай, онлайн уақыт өткізесіз бе?

Өлеуметтік желілер немесе сайттар көңіл-күйіңізді анықтайды ма?

Жұмыстан немесе үй шаруасынан тыс уақыттың көп бөлігін онлайн өткізесіз бе?

Интернетсіз бір күн өткізгенде мазасызданасыз ба?

Өз әдетіңізді интернет қолдану уақытын азайтуға тырысып көрдіңіз, бірақ сәтсіз болды ма?

Интернетте уақыт өткізу ұйқы немесе демалыс режиміңізге әсер етті ме?

Онлайн әрекеттеріңізді (хабарлама, өлеуметтік желі, ойын) жасырғыңыз келді ме? «Интернетсіз өмір сүретін болсам, маңызды нәрселерді жоғалтамын»деп ойлайсыз ба?

Бағалау:

0–9 балл: Интернетті сауатты қолданасыз

10–19 балл: Орташа тәуелділік – онлайн уақытты қадағалау қажет

20–29 балл: Айқын тәуелділік – интернетті шектеу ұсынылады

30–40 балл: Жоғары тәуелділік – психологиялық қолдау қажет

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ:

Тәуелділіктің алдын алу үшін күнделікті өмірде спорт, шығармашылық, достар мен отбасыға уақыт бөлу, сондай-ақ экрансыз демалыс сағаттарын енгізу маңызды. Шынайы өмір - «ҚАЗІР» және «ОСЫ ЖЕРДЕ» екенін сезініңіз.

Мәншүк ҚОСТАНОВА,
Ойыл қазақ орта мектебінің педагог-психологы, педагог-зерттеуші.

ӨНЕРЛІ ЖАСТАР МЕН СЫРЛЫ СҰХБАТ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АҚЫН ОРАЗБЕК ҚИЫН-БАЕВ ЖӘНЕ ӘНШІ, САЗГЕР НҮРКЕШ ЖАЛҒАСБАЙМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ. АЛДЫМЕН АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ СӨЗ АЛЫП КЕЛГЕН ҚОНАҚТАРҒА АЛҒЫС БІЛДІРДІ.

Әдеби кеш әдемі әңгімемен жалғасты. Жастар қонақтарға сұрақтарын қойып ашық сұхбат өтті.

Аудан жастарына үлгі боларлық осындай шаралардың басы-қасында жүрген осы кештің өтуіне ұйытқы болған талапты жас Нұрсұлтанның еңбегін де ерекше айта кетуіміз керек.

Осы екі дарынды жастың шығармашылық ынтымақтастығынан туған «Бақ» әні – олардың өз бағы болып оралды.

2024 жылдың басында жарық көрген бұл туынды қысқа уақыт ішінде миллиондаған тыңдаушының жүрегін жаулап алды.



Spotify, Shazam сияқты ірі музыкалық платформаларда үздіксіз ойнатылып жатқан әннің танымалдығы күннен күнге артып келеді. Бұл кездейсоқтық емес. Себебі әннің өзі – терең мағыналы, фило-софиялық ой-толғамға бөлейтін, адам жанына жол табатын шығарма.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімдіміз басар екенін дәлелдеуде.

Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар.

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС: БІР ЖЫЛДЫҢ БЕЛЕСІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 2 ҚАРАШАДАҒЫ «ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 26 АҚПАНДАҒЫ №69 БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІК ЕРЕЖЕГЕ СӨЙКЕС, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 21 ҚАҢТАРЫНДАҒЫ №4 ӘКІМІМЕН «ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫ» ҚҰРЫЛДЫ.

2025 жылдың 14 қаңтарында аудандық «Ойыл» газеті мен аудандық мәслихаттың интернет-сайтында жұмыс тобы құратын Қоғамдық кеңес құрамына үміткерлер ұсыну тәртібі мен мерзімі, ұсыныс қабылданатын мекен-жай туралы хабарлама жарияланды. Коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтарға он жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңес құрамын сайлауға заң аясында ұсыныстар беруге мүмкіндік берілді. Көрсетілген кезеңде Қоғамдық кеңес құрамын сайлауға 24 үміткер ұсыныс білдірді. Олардың ішінде «Ақтөбе облыстық ерікті Мүгедектер Қоғамы» қоғамдық Бірлестігінің Ойыл аудандық филиалынан, «Қазақ аналары-Дәстүрге жол», «Аудан мектептерінде білім сапасын және тәрбие жұмысы деңгейін көтеру бағытында атқарылып жатырған жұмыстары туралы. Бала-бақша-лардың атқарылған жұмыстары туралы. Жаңа оқу жылына мектеп, бала-бақша ғимараттарының дайындықтары туралы», «Ауданда бұқаралық спорт түрлері дамыту мен оның нәтижелерін жақсартуға жасалған жұмыстары туралы», «Ауданда балалар мен жасөспірімдер спортын дамытумен оның нәтижелерін жақсартуға жасалған жұмыстар туралы», «Аудан көлемінде жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыссыздарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамту туралы. Мемлекеттің жаңа кәсіпті бастау және дамыту мақсатында берілген 400 АЕК көлеміндегі грант қаражатын қандағалау», «2025 жылға арналған Ойыл ауданының бюджеттік бағдарламасының іске асырылғандығы туралы», «Аудандық полиция бөлімінің 2025 жыл басынан бері аудан бойынша құқықтық тәртіпті нығайту, қылмысты болдырмау және балалармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу бағытында атқарған жұмысы туралы» тиісті сала басшыларының есебі тыңдалды. Сондай-ақ отырыстарда баяндамашыларға сұрақтар қойылып, талқыланған мәселелердің шешімін табу мақсатында аудандық Қоғамдық кеңес тарапынан ұсынымдар жолданды. Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылған азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты 20-дан астам нормативтік құқықтық актілерінің жобасы қаралды.

Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша әртүрлі сипаттағы 13 ұсынымдар жолданды. Қоғамдық кеңес мүшелері аудандық мәслихат депутаттарымен бірігіп аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің көктемгі су тасқынына дайындық барысын, су тасқынына қарсы қажетті жұмыстарды жүргізу үшін тартылатын күштер мен құралдардың дайындығына бақылау жүргізді. Жұмыс сапарымен Көптарай аудандық округінің көктемгі су тасқынына дайындық барысы, сонымен қатар өлеуметтік нысандарының жұмыс барысы қаралды. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында көшет отырғызу жұмыстарына атсалысып, акцияға өз үлесін қосты. Ойыл аудандық округі әкімдігімен бекітілген аймаққа апта сайын тазалық жұмыстарын жүргізді. Аудан орталығындағы білім беру ұйымдары жанынан ұйымдастырылған жазғы лагердің жұмысы барысының жәй-күйі қаралды. Сондайақ, тәжірибе алмасу үшін ауданға облыстық қоғамдық кеңестің мүшелері жоспарлы жұмыс сапарымен келіп, бірқатар өлеуметтік нысандардың жұмыстарымен танысты. Атап айтқанда, Ойыл кіреберісіндегі көпір құрылысы, «Асанәлі» бөбекжай-балабақшысының жөндеу жұмыстарының барысын қарады. Жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының сапасына және белгіленген мерзімде аяқталуына баса назар аударып, мердігер ұйымдарға нақты ұсыныс-пікірлерін білдірді. Сапар соңында аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдау ұйымдастырылып, азаматтардан келіп түскен етініштер мен сұрақтарға жауап берілді. Ойыл селосы орталығындағы коммуналдық шаруашылық балансындағы апаттық жағдайдағы тұрғын үйлердің құрылысы және де ұлттық қор қаражаты есебінен халықтың өлеуметтік осал тобына арнап сатып алуға жоспарланған тұрғын үйлердің құрылысы барысына бақылау жүргізді. Қаратал ауылы орталығындағы Ш.Берсиев және Сүлеймен әулие көшелеріне, сонымен қатар Жүсімалиев көшесіне ішінара асфальт және жаяу жүргіншілер жолын төсеу жұмыстарының барысына бақылау жасап, жауапты мердігер компания өкілдеріне жұмыс барысындағы олқылықтар бойынша сын-ескертпелерін жеткізді.

Аудан орталығындағы Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының, Ойыл қазақ орта мектебінің және Ж.Жүсімалиев атындағы орта мектебінің жаңа оқу жылына дайындығын пысықтау мақсатында қоғамдық бақылау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде қоғамдық бақылаушылар мектеп басшыларының мәселелерін тыңдай келе, алдағы уақытта оңтайлы шешілуіне жұмыстандықытарын айтып, бақылаушылар өз тарапынан ұсыныстарын жеткізді. Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «JASYL CROSS 2025» экоплогингіне ауданымыздың белсенді жастарымен өткен іс-шараға қатысты. Ойыл-Қараой бағытындағы автомобиль жолының 30-45 км аралығындағы орташа жөндеу асфальт төсеу жұмыстарын қарады. Ойыл аудандық мәслихат депутаттары мен аудандық қоғамдық кеңес төрағасы көршілес Атырау облысының Қызылқоғалық әріптестерімен тәжірибе алмасу және аудан көлеміндегі атқарылып жатырған жұмыстармен танысу мақсатында іс-сапармен болды. Қоғамдық кеңес төрағасы Дүйсәлі Өтеуғалимен кездесіп, кеңес жұмысы туралы пікірлесті.

Аудандық мәслихаттың ұйымдастыруымен мекеме қызметкерлері арасында волейболдан аудандық турнир өтті. Турнирге аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Марат Арыстанов және бірқатар мекеме басшылары атсалысты. Қаракемер ауылында өткен аламан бәйге, тай жарыс, аударыспақ, қазақ күресі, арқан тарту, қозы көтеру сайыстарына қатысып демалушылық көрсетті. Ойыл орталығында бой көтергелі тұрған екі сегіз пәтерлі тұрғын үйдің құрылысымен танысып, жұмыс барысына бақылау жасады. Қоғамдық кеңес мүшелері өткізілетін түрлі іс-шаралар мен тренингтерге белсенді қатысады, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың Қоғамдық кеңестерімен өзара байланысып отырады. Кеңес қызметі туралы материалдар, оның ішінде Қоғамдық кеңестің жұмыстары туралы интернет-инстаграмға, салалық және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып орналастырылды.

Марат АРЫСТАНОВ,
аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы.